

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

***Р. Б. Құлжақаева,  
Д. А. Мергембаев***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ БОЙЫНША  
СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ  
2014**

УДК 343 (094.4)  
ББК 67.408  
К75

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды

**Пікір жазғандар:** заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А. Ү. Үметов*; заң ғылымдарының кандидаты, доцент *Б. У. Сейтхожсин*

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, полиция полковнигі *Р. Б. Құлжақаева*; қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты *Д. А. Мергембаев*.

**К75** Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі бойынша сызбалар альбомы. —  
Қарағанды, 2014. — 104 б.

Ұсынылып отырған сызбалар альбомы құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен заңгерлік оқу орындарының тыңдаушылары мен студенттері үшін Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімін оқып-үйренуге арналған оқулық құрал болып саналады. Оқулық құрал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңа қабылдануына байланысты қазақ тіліндегі алғаш рет сызбалар альбомы ретінде дайындалған. Қазақ тілінде осы салаға немесе пәнге арналған оқулық құрал жеткіліксіз. Осы жетіспеушіліктің орнын толтыруға бағытталған оқулық құрал мемлекеттік тілде оқитындарға көп жеңілдік туғызады деген ойдамыз.

**ISBN 978-601-7536-14-5**

- © Қазақстан Республикасы ІІМ  
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014;
- © Р. Б. Құлжақаева, Д. А. Мергембаев, 2014

## АЛҒАШҚЫ СӨЗ

Ұстаздық пен шәкірттік – адам баласы ара қатынастарының ең бір абзал әрі мағыналы, мәнді түрі. Сондықтан үлкен ұстазымыз Құлжақаева Роза Балбатырқызына алғыс айта отырып, бастауға рұқсат етіңіздер!

Қылмыстық құқық курсының мақсаты, тыңдаушыларды қылмыстық құқықты білулеріне, заңды дұрыс қолдануларына көмегін тигізеді.

Осы оқулық құралда Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Жалпы теориясындағы қағидалары, қылмыстың ұғымы, құрамы, жасалу сатылары және басқа да ұғымдар, жазаның түрлері, сонымен қатар жауаптылыққа тарту, одан босату, соттылықты жою сызбалар арқылы көрсетілген.

Жалпы, мемлекеттік тілде қылмыстық құқық туралы жазылған әдебиеттер мен оқу құралдары әлі де болса жеткіліксіз болғандықтан, осы оқу құралы мемлекеттік тілде оқитын тыңдаушыларға қажетті оқу-әдістемелік жүйесін қамтамасыз ету тұрғысында дайындалған.

Бұл оқулық құрал тыңдаушыларға «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық» пәні бойынша сабаққа дайындалуда, әрбір тақырыптың сұрақтарын қажетті түрде пайдалануға, сынақ пен емтихан тапсырғанда жауаптарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Аталған оқулық құралын жоғары заң оқу орындарының тыңдаушылары, докторанттары, магистранттар мен оқытушылар және тәжірибелік қызметкерлердің пайдалануларына болады.

# **I БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ ЖАЛПЫ БӨЛІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

*1-бөлім. Қылмыстық заң (1-9-баптар)*

*2-бөлім. Қылмыстық құқық бұзушылықтар (10-38-баптар)*

*3-бөлім. Жаза (39-51-баптар)*

*4-бөлім. Жаза тағайындау (52-64-баптар)*

*5-бөлім. Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату (65-79-баптар)*

*6-бөлім. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы (80-90-баптар)*

*7-бөлім. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (91-98-баптар)*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақстан Республикасының  
қылмыстық заңнамасы (1-бап)

Қылмыстық кодекстің  
міндеттері (2-бап)

Кодексте қамтылған кейбір  
ұғымдарды түсіндіру (3-бап)

Қылмыстық жауаптылықтың  
негізі (4-бап)

Қылмыстық заңның уақыт  
тұрғысында қолданылуы (5-  
бап)

Қылмыстық заңның уақыт  
кері күші (6-бап)

Қылмыстық заңның Қазақстан  
Республикасы аумағында  
қылмыстық құқық бұзушылық  
жасаған адамдарға қатысты  
қолданылуы (7-бап)

Қылмыстық заңның Қазақстан  
Республикасы шегінен тыс  
жерлерде қылмыстық құқық  
бұзушылық жасаған адамдарға  
қатысты қолданылуы (8-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылық  
жасаған адамдарға ұстап беру  
(9-бап)

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДЫ ТАЛҚЫЛАУ

*Қылмыстық заңды талқылау дегеніміз — заңды дұрыс қолдану мақсаты мен мазмұнын ашуға пайдаланылатын қағидаларды талқылау.*

### ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

#### **АШЫҚ (легальды)**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті жүргізетін талқылау. Барлық заң органдарына, ұжымдарға оның орындалуы міндеттеледі.

#### **СОТТЫҚ**

Заң нормаларын қолдану барысында нақты бір іс бойынша жүргізілетін талқылау. Барлық соттарға берілетін қаулылар арқылы талқыланады.

#### **ҒЫЛЫМИ**

Мекеме қызметкерлерінің, ғалымдардың еңбектерінде, оқулық құралдарда берілетін талқылау.

**Қылмыстық құқық теориясында талқылаудың басқа да түрлері болады.**


*Олар: тікелей, шектелген, кеңейтілген, грамматикалық, тарихи, салыстырмалы.*

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ БАПТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қылмыстық заңның Жалпы бөлімінің баптарында қылмыстық заңның мақсатын, қылмысқа не қылмыстық құқық бұзушылыққа жауапкершіліктің негіздерін көрсетеді.

Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптары нақты қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамын көрсетеді және ол диспозиция мен санкциядан тұрады.

**Диспозиция** — заң баптарындағы нақты бір қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың түрі мен белгісі.



**Санкция** – ерекше бөлімнің баптарындағы жазаның түрі мен мөлшерін көрсететін бөлігі.



Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары (10-бап)

Мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығы (18-бап)

Кінә (түрлері, нысандары) (19-бап)

Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық (20-бап)

Абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық (21-бап)

## II БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Қылмыс санаттары (11-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы (12-бап)

Есі дұрыс еместік (16,17-баптар)

Қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу (24-бап)



*(Жалғасы)*

Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық (25-бап)

Қажетті қорғаныс (32-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту (26-бап)

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру (33-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысу ұғымы (27-бап)

Аса қажеттілік (34-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысушылардың түрлері (28-бап)

Жедел іздестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүзеге асыру (35-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысушылардың жауаптылығы (29-бап)

Орынды тәуекел ету (36-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысушының шектен шығуы (30-бап)

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (37-бап)

Топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық (31-бап)

Бұйрықты немесе өкімді орындау (38-бап)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Азаматтардың бостандығына, құқығына, жеке меншігіне, ұйымдардың құқықтары мен меншіктеріне, қоғамның қауіпсіздігі мен тәртібіне, конституциялық құрылысына, Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығына, мемлекет пен азаматтардың қауіпсіздігіне, бейбітшілікке қарсы және басқа да іс-әрекеттерді болдырмау.


Осы міндеттерді орындауда қылмыстық заң қандай іс-әрекеттердің қауіпті екені, қандай қылмыстық жауаптылық пен жаза қолданылатыны анықталады.

*«Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады».*

*(Қазақстан Республикасының Конституциясы)*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ КЕҢІСТІКТЕГІ КҮШІНЕ ЕНУІ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЫНАДАЙ ҚАҒИДАЛАРМЕН ҚАРАЛАДЫ:



*Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін Қазақстан Республикасының заңымен жауаптылыққа тартылады (7-бап).*

*Өзен-теңіз айлақтарында, Қазақстан Республикасының шекарасында, әуе кеңістігінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылық Қазақстан Республикасының аумағында жасалды деп Қазақстан Республикасының заңдарымен жазаланады (7-баптың 2-тармағы).*

*Қазақстан Республикасының әскери кораблінде, әскери әуе кеңістігінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам Қазақстан Республикасының заңымен жауапқа тартылады (7-баптың 3-тармағы).*

*Елшілік қызметтегі адамдар қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда халықаралық құқық нормалары бойынша шешіледі (7-баптың 4-тармағы).*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ МЕРЗІМДЕГІ КҮШІНЕ ЕНУІ

Әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен айқындалады. Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың туындаған уақытына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақыт деп танылады (5-бап)

*Қылмыстық заң Қылмыстық кодексте енгізілгенде ғана күшіне енеді. Егер жаңа заңда мерзімі көрсетілмесе, қабылданған күннен 10 күн өткен соң күшіне енеді.*

*Қылмыстық заң күшіне ену мерзімін:*

- 1) заң тоқтатылғанда;*
- 2) жаңа заң қабылданғанда тоқтатылады.*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ КЕРІ КҮШІ

### Заңның

- а) жазаны жою
- ә) жазаны жеңілдету

сияқты кері күші болады, яғни ол заң шығарылғанға дейінгі жасалған іс-әрекетке қолданылады.

### Заңның

- а) жазаны тағайындайтын
- ә) жазаны күшейтетін

кері күші болмайды

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМДАРДЫ ҰСТАП БЕРУ (9-БАП)**

*Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды (9-баптың 1-тармағы).*

*Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін (9-баптың 2-тармағы).*

*Егер шет мемлекетте адамға азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгез немесе оның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жаза қолдану қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ешкімді де сол мемлекетке ұстап беруге болмайды (9-баптың 3-тармағы).*

## ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ (10-БАП)



## ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

*Қоғамға қауіпті* – азаматтарға, ұжымдарға, қоғамға зиян келтіретін қарым-қатынастар.

*Заңға қайшы* – жауапкершілігі заңда көрсетілген іс-әрекет.

*Кінәлі* – қылмыстық іс-әрекет және қылмыстық теріс қылық жасағанын сезінетін, мойындайтын адам.

*Жаза* – қылмыстық іс-әрекет және қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылатын шара

*Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген, формальды болса да қандайда бір әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы, қоғамға қауіп төндірмейтін іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.*

## ҚЫЛМЫС САНАТТАРЫ (11-БАП)

*Қылмыстар қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:*

*Ониша ауыр емес қылмыс*

Заң бойынша бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын жаза **қолданылатын** қасақана жасалған іс-әрекет.

*Ауырлығы орташа қылмыс*

Заң бойынша бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын жаза **қолданылатын** қасақана жасалған іс-әрекет.

*Ауыр қылмыс*

Заң бойынша бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын жаза қолданылатын қасақана жасалған іс-әрекет.

*Аса ауыр қылмыс*

Заң бойынша бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын жаза қолданылатын қасақана жасалған іс-әрекет.



## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ ЖАСАЛУЫ (12-БАП)

Ерекше бөлімнің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп әрекетті жасауын айтады.

Адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір ниетпен және бір мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда адамның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы Кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ (13-БАП)

*Адам Кодексте көрсетілген түрлі баптарды немесе баптарының бөліктерінің бірде-біреуімен сотталмаған, қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасауын айтады.*

Екі немесе одан да көп баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар іс-әрекет, әрекетсіздік.

Белгілі бір және нақ әрекет Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы болмайды.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында кінәлі әрбір іс-әрекетіне жеке қылмыстық жауаптылыққа тартылады.*

## ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ (14-БАП)

Бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның ауыр қылмыс жасауы.

### Қылмыстың қайталануы қауіпті делінеді:

Адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса немесе ауыр қылмысы үшін сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасағаны;

Адам бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның аса ауыр қылмыс жасағаны танылады.

*Он сегіз жасқа дейінгі адам жасаған қылмыс үшін соттылық, қылмыстың қайталануын және қылмыстың қауіпті қайталануын тану кезінде есепке алынбайды.*

*Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы осы Кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады.*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ (4-БАП)

**Қылмыстық жауаптылық пен жаза қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасады деп айыпталған, яғни қасақана немесе абайсызда заңда қарастырылған қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалған адамға ғана қолданылады**

*Қылмыстық жауаптылық негізі болып Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдерінде қарастырылған қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының белгілері бар қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе сол іс-әрекетті жасады деп танылған кінәлі адам саналады.*

*Егер кінәлі деп сезіктелген адамның іс-әрекетінде қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының белгілері болмаса, онда ол қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.*

## ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамы – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қарастырылған қылмыс не қылмыстық теріс қылық деп танылған қоғамға қауіпті іс-әрекет белгілерінің жиынтығы

## ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жай қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамы – жауаптылықтың жеңілдігі немесе ауырлығы заңда қарастырылмаған іс-әрекет

Сараланған қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамы – жауаптылықтың ауырлығы заңда қарастырылмаған іс-әрекет

Жеңілдетілген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамы – жауаптылықтың жеңілдігі заңда қарастырылмаған іс-әрекет

## ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ (БЕЛГІЛЕРІ)

Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың объектісі

Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың объективтік жағы

Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың субъектісі

Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың субъективтік жағы

*Қоғамға қауіпті іс-әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамы элементтерінің (белгілерінің) барлық жиынтығы болуы керек. Егер қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың құрамында бір элементтің (белгінің) өзі болмай қалған жағдайда ол адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.*

## ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ

*Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың объектісі дегеніміз — қылмыстық заңмен қорғалатын, объектіге қылмыскер зиян келтірген немесе зиян келтіруге ұмтылған қоғамдық қатынас.*

### ОБЪЕКТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

#### Жалпы объекті

Қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынас пен мүдделер

#### Топтық объекті

Бірнеше қылмыс не қылмыстық теріс қылықпен қол сұғылған біртекті немесе өзара байланысты қоғамдық қатынастар

#### Тікелей объекті

Тікелей қылмыстық не қылмыстық теріс қылыққа қол сұғуға бағытталған нақты бір қоғамдық қатынас

*Қоғамдық қатынас — адам мен адамның, мекеме мен мекеменің және адам мен мекеменің мүлдіктік немесе құқықтық қарым-қатынасы.*


*Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың нәрсесі — объектінің заттық түрі немесе объектінің иесі.*

*Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтағы тікелей объектіден оның нәрсесін ажырата білу қажет.*

## ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

*Қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың объективтік жағы – нақты бір қылмыс не қылмыстық теріс қылықтың сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілердің жиынтығы.*

### А) ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫНЫҢ МІНДЕТТІ ТҮРДЕГІ БЕЛГІЛЕРІ



### Ә) ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫНЫҢ ФАКУЛЬТАТИВТІ (ҚОСЫМША) БЕЛГІЛЕРІ

Қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасау әдісі	Қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасау уақыты	Қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасау орны	Қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасау жағдайы	Қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасау құралы
---	--	--	---	--

*Объективтік жағының қылмыс не қылмыстық теріс қылық әдісі, уақыты, орны, жағдайы, құралы сияқты барлық қосымша белгілері көрсетілген болса, онда ол міндетті түрдегі белгілерге айналады. Ал бұл белгілер көрсетілмесе, объективтік жағының қосымша белгілері жаза тағайындағанда ескеріледі.*



## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІ

*Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі – есі дұрыс, жасаған қылмысына не қылмыстық теріс қылығына заң алдында жауап беруге және жаза қолдануға тұратын жасы кәмелетке толмаған жеке тұлға.*

### ЖЕКЕ ТҮЛҒА

- яғни тек қана азаматтар. Заңды тұлға (ұйым, кәсіпорын және басқалары) қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі бола алмайды.

### ЕСІ ДҰРЫС

- яғни өзінің іс-әрекетінің қоғамдық мәнін және өзінің іс-әрекетіне ие бола алатын адам. Есі дұрыс емес адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

### ЖАСЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН

- яғни жасы он алтыға толған, жауаптылыққа тартуға болатын адам. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша он төрт жастан бастап жауапқа тартуға болады. (ҚК 16-бабының 2-тармағы).

*Қылмыстық құқық бұзушылықтың айырықша субъектісі – жасы кәмелетке толған, есі дұрыс, басқа да қосымша белгілері бар жауаптылыққа тартуға болатын іс-әрекет жасаған адам (лауазымды адамдар, әскери және басқа да қызметкерлер).*

## ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕСТІК (17-БАП)

*Есі дұрыс еместік – адамның қозбалы ауруларының салдарынан өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмайтын, өзіне-өзі ие бола алмауы. Іс-әрекет жасаған адамды есі дұрыс емес деп санау үшін заңда төмендегі екі белгі көрсетілген.*

Дәрігерлік (биологиялық) белгі:

- а) созылмалы психикалық ауру;
- ә) психикасы уақытша бұзылатын ауру;
- б) кем ақылдылық немесе басқа дерт.

Заңдылық (психологиялық) белгі:


- а) өзінің қауіпті іс-әрекетіне есеп бере алмаушылық;
- ә) өзінің қауіпті іс-әрекетін білсе де өзін-өзі ұстай алмаушылық.

*Қоғамға қауіпті жасалған іс-әрекеті кезінде есі дұрыс болмаса қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Мұндай адамдарға дәрігерлік сипаттағы шаралар қолданылады.*

*Есі дұрыс кезінде қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасаған, бірақ сот үкім шығарғанға дейін әрекетіне есеп беру, әрекетіне ие болу мүмкіндігінен айырылып ұстамалы аурумен ауырса, жазаланбайды. Ондай адамға сот дәрігерлік сипаттағы еріксіз шара қолданылып, ал дертінен айыққаннан кейін жаза тағайындалуы мүмкін.*

# ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕС АДАМҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІГЕРЛІК ШАРАЛАР

Есі дұрыс емес адамға төмендегідей шаралар қолданылады



*Есі дұрыс емес адамға қолданылатын шараларды өзгерту немесе бұзу мәселесі сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы бойынша шешіледі.*

## МАС КҮЙІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ (18-БАП)

**Алкогольді ішімдік, есірткі заттар немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды**

*Мас күйінде жасаған қылмыстық не қылмыстық теріс қылық іс-әрекетінің қауіптілігі, ауырлығы, осы қылмысқа мән бермеуі, келетін зардапты ескермеуі және ескергісі келмеуі, осы сияқты қылмыстың не қылмыстық теріс қылықтың сипатына қарай мән-жайлар жауаптылықты күшейтуге себеп болады.*

*Ең ауыр жағдай жасөспірімдер мен балаларды, жастарды ішімдікке, есірткі, басқа да есеңгірететін заттарға тарту мен баулу және осының салдарынан қылмыс не қылмыстық теріс қылық жасауға пайдалану болып саналады.*

## ҚЫЛМЫСТЫҢ НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

*Қылмыстың не қылмыстық теріс қылықтың субъективтік жағы – адамның өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның қауіпті нәтижесіне көзқарасы, ой-пікірі.*



**КІНӘ** – адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетті қасақана немесе абайсыздықпен жасаудағы санадағы көзқарасы. Кінә қылмыстың не қылмыстық теріс қылықтың субъективтік жағының негізгі белгісі болып саналады. Кінәсіз қылмыстың не қылмыстық теріс қылықтың құрамы болмайды.

**СЕБЕБІ** – адамның қылмыстық не қылмыстық теріс қылық іс-әрекет жасаудағы ойға алған ниеті.


**МАҚСАТЫ** – адамның өзінің ойлаған ісін жүзеге асыруға ұмтылуы және жүзеге асыруы.

*Себеп пен мақсат қылмыстың не қылмыстық теріс қылықтың субъективтік жағының қосымша (факультативті) белгісі болып саналады.*

## КІНӘ (19-БАП)

*Кінә деп адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетті қасақана немесе абайсыздықпен жасауындағы санасындағы көзқарасын айтамыз.*

### КІНӘНІҢ ТҮРЛЕРІ (НЫСАНДАРЫ)



*Кездейсоқ жағдайда (казус) адамның іс-әрекетінен келген зардабына қылмыстық жауаптылық жүктелмейді.*

## ҚАСАҚАНАЛЫҚ (20-БАП)

*Қасақаналық – іс-әрекеттің тікелей немесе жанама жасалуы.*

### ҚАСАҚАНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

#### ТІКЕЛЕЙ

АДАМ:

- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін біліп ұғынады;
- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға тиетін зардабын болжайды;
- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға тиетін зардабын тілейді.

#### ЖАНАМА

АДАМ:

- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін біліп ұғынады;
- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға тиетін зардабын болжайды;
- іс-әрекеттің немесе әрекетсіздігінің қоғамға тиетін зардабын тілемейді, бірақ соған біле тұра жол береді немесе немқұрайлы қарайды.

## **АБАЙСЫЗДЫҚ (21-БАП)**

**Абайсыздық — адамның өзінің іс-әрекетіне менмендікпен немесе немқұрайлылықпен қарауы.**

### **АБАЙСЫЗДЫҚ ТҮРЛЕРІ**

#### **МЕНМЕНДІК**

– адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігін білуі, бірақ жеңіл ойлылықпен зардаптың болуына сенбеуі.

#### **НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ**

– адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардабын болжамайды (ұғынбайды), бірақ ол болжауға тиіс еді.

#### **КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ**

– адам өзінің іс-әрекетін немесе әрекетсіздігін болжамайды (ұғынбайды) және болжай алуы мүмкін еместігі.



## **КІНӘНІҢ ЕКІ НЫСАНЫМЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ (22-БАП)**

*Кінәлі өзінің іс-әрекетінің қауіпті екенін біліп, ұғынып қасақана жасауы.*

*Кінәлі іс-әрекетінен келетін зардабын білмесе, бірақ болжауға тиіс, болжай алатындығы абайсызда жасауы.*

## **ЖАЗЫҚСЫЗ ЗИЯН КЕЛТІРУ (23-БАП)**

*Адамның іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) қоғамға келген қауіпті зардап, оның ниетінсіз болса, заңды абайсыздықтан туған зардапқа жауапкершілік қолданылмаса, әрекет жазықсыз болады.*

*Адамның іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) қоғамдық қауіптілігін ұғынбаса, білмесе, әрекет жазықсыз делінеді.*

## ҚЫЛМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА ОҚТАЛУ (24-БАП)

*Қылмысқа дайындалу — қылмыс құралдары мен қарулар іздестіру, оларды әзірлеу және бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру олармен сөз байласып, жағдай туғызу.*

*Қылмыс жасауға оқталу — тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) адамға байланысты емес мән-жайлары бойынша ақырына дейін жеткізілмеуі.*

### ОҚТАЛУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

#### АЯҚТАЛҒАН

— қылмыстық құқық бұзушылығын аяқтау үшін оған қажетті деп саналған әрекеттерінің бәрін жасаған үлгеруі.

#### АЯҚТАЛМАҒАН

— қылмыстық құқық бұзушылығын аяқтау үшін жасаған әрекеттерін толық емес, жартылай жасаған үлгеруі.

#### ЖАРАМСЫЗ

— адамның қателесуі:  
а) жарамсыз объектіге оқталуы;  
ә) жарамсыз құрал немесе қарумен оқталуы.

*Қылмыс жасауға дайындалуда ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды (24-баптың 2-тармағы).*

*Қылмыс жасауға оқталуда ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмыс жасауға оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды. (24-баптың 4-тармағы).*

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ӨЗ ЕРКІМЕН БАС ТАРТУ (26-БАП)**

*Қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам, оның нақты жасаған іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа белгілері болса ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады.*

*Өз еркімен бас тарту — қылмыстық құқық бұзушылықты аяқтауға мүмкіндігі бола тұра, біржолата түпкілікті бас тарту.*

### **ӨЗ ЕРКІМЕН БАС ТАРТУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:**

- 1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан бас тартуға еріктілігі;*
- 2. Бастаған қылмыстық құқық бұзушылықты аяғына дейін жеткізу мүмкіндігін түсінуі;*
- 3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан біржолата түпкілікті бас тартуы.*

*Өз еркімен қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан бас тартқан адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпауға оның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің (дайындалу немесе оқталу) болмауы негіз болады.*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА БІРЛЕСЕ ҚАТЫСУ (27-БАП)

Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысу – екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесіп қатысуы.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ

- а) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бірнеше адамның қосылуы;
- ә) екі немесе одан да көп адамның бірлесуі;
- б) қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жалпы бір мақсатқа жетуі;
- в) қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың бір мақсатқа жетуінде себепті байланыстардың болуы.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСУДЫҢ СУБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ

- а) бірігіп жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипатын бәйлуі;
- ә) қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы келісімдерінің бар-жоқтығы.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА БІРЛЕСЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ (28-БАП)

Қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылар деп танылады.

### ОРЫНДАУШЫ

— қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаушы адам

### ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

— қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы немесе тікелей басқарушы адам

### АЙДАП САЛУШЫ

- қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға басқа адамды азғырып, көндіруші адам

### КӨМЕКТЕСУШІ

- кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қару немесе құрал беріп, қылмыстық құқық бұзушылыққа кедергілерді жоюға жәрдемдесуші адам

*Қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесе қатысушылардың жауаптылығы (29-бап)*

*Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстық құқық бұзушылық жасалуына қатысуының сипатымен және дәрежесімен айқындалады.*

*Қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы Ерекше бөлімнің бабымен жауаптылыққа тартылады.*

*Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың әр түрлі рөлде (орында) болуы ҚК-тің 28-бабымен айқындалады.*

## ТОП ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ (31-БАП)

### АДАМДАР ТОБЫ

- қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысуы.

### АЛДЫН АЛА КЕЛІСІМ

- екі немесе одан да көп орындаушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға алдын ала сөз байласуы.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП

- қылмыстық құқық бұзушылық мақсатта ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құрылым.

*Қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда қылмыстық топты ұйымдастырғаны және оған басшылық еткені үшін, сондай-ақ егер қылмыстық құқық бұзушылықтар оның ниетімен ұғынылмаған болса, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапқа тартылуға жатады.*

## ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС (32-БАП)

Қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, оның ішінде қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау, қажетті қорғану деп танылады

*Қазақстан Республикасының әрбір азаматы тиісті органдардан көмек сұрамай-ақ қажетті қорғануға құқығы бар.*

*Адамның өміріне қол сұғатын, не қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті қарулы шабуылмен немесе зорлық-зомбылықпен, не осындай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен, не тұрғын үйге, үй-жайға басып кірумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру, сондай-ақ егер қорғанушы қол сұғушылықтың салдарынан шабуыл қаупінің дәрежесі мен сипатын объективті бағалай алмаса, қажетті қорғану шегінен шығу болып табылмайды.*

# ШАБУЫЛ ЖАСАУ МЕН ҚАЗЕТТІ ҚОРҒАНУДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

## ШАБУЫЛ ЖАСАУДА

- а) қоғамға қауіпті, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушылық әрекет болуы тиіс;
- ә) қол сұғушылық алдамшы емес нақтылы болуы тиіс;
- б) қорғанушы үшін басталған немесе басталатын қол сұғушылық нақты көрінуі тиіс.

## ҚАЗЕТТІ ҚОРҒАНУДА

- а) жеке басын, мемлекет мүдделерін немесе басқада адамның құқыларын қорғауға бағытталған әрекет болуы тиіс;
- ә) шабуыл жасауға белгілі бір зардап келтіру әрекеті болуы тиіс;
- б) заңда көрсетілген шектен шығушылық болмауы тиіс.

*Қажетті қорғанудағы шектен шығушылық – қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қорғанудың сай келмеуі.*

**Қажетті қорғанудағы шектен шығу мынадай жағдайларда болуы мүмкін:**

Қажетті қорғанудың қол сұғушылық қауіптілігіне сай келмейтін әрекеті арқылы жасалуы

Уақытына қарай, яғни қорғанудың қол сұғушылық қаупінен бұрын немесе қауіп өткеннен кейін жасалуы



## ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМДЫ ҰСТАУ КЕЗІНДЕ ЗИЯН КЕЛТІРУ (33-БАП)

Қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Шектен шықпау – қол сұғушылықта адамның әрекетінің қауіптілік дәрежесіне қол сұғушылық жасаған адамды ұстау ережесіне сай келмеуі.

Қол сұғушыларды ұстауға арнаулы уәкілеттілігі бар адамдар және жәбірленушілермен бірге басқа да адамдардың құқығы бар.

*Қол сұғушылықта шектен шығып зиян келтіру қасақана келтірілген зиян деп саналып жауаптылыққа тартылады.*

## АСА ҚАЖЕТТІЛІК (34-БАП)

Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

### АСА ҚАЖЕТТІЛІК ШАРТТАРЫ

Заңмен қорғалатын мүдделерге төнетін қауіптің болуы (табиғат апаты, адам мен жануарлардың әрекеті т. б. жағдайлар).

Қауіптің нақты болуы, қиқаттылығы.

Төнген қауіпті құралсыз жою мүмкіндігінің болмауы.

Келтірілген зардап тойтарылған (болдырмаған) зияннан кем болуы қажет.

## ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ШАРАЛАРЫН НЕМЕСЕ ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (35-БАП)

Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің тапсырмасы бойынша жедел іздестіру шараларын немесе жасырын тергеу іс-әрекеттерін орындауда қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау, анықтау, ашу кездерінде заңмен қорғалатын мүдделерге келтірген зиян келтіретін зияннан онша мәнді болмаса, қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды.

### ӘРЕКЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШАРТТАР

Әрекет заңға сәйкес жедел-іздестіру немесе жасырын тергеу іс-әрекеттер шараларын орындау кезінде жасалуы.

Әрекет адамның өміріне, денсаулығына басқа да ауыр зардап қатерін төндіруі.

Субъект 10 шақты мемлекеттік орган қызметкері; тапсырманы орындаушы адам.

Бір топ адам, қылмыстық топ – қылмысты болғызбау мақсаты.

### КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРТТАР

Зиян қылмыстық құқық бұзушылықпен қорғалатын мүдделерге келтірілуі тиіс.

Жедел-іздестіру шараларын немесе жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүзеге асыру кезінде келтірілген зиян болғызбайтын, әшкереленетін, ашылатын, тергелетін қылмысқа қарағанда онша мәнді болмауы.

Жедел-іздестіру шараларын немесе жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүзеге асыру кезінде келтірілген зиян алға қойылған мақсатқа жетудің жалғыз ғана жолы болып саналады.

## ОРИНДЫ ТӘУЕКЕЛ ЕТУ (36-БАП)

Қоғамға пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекелмен, заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Басқа жағдаймен жою мүмкіндігі болмағандықтан, заңмен қорғалатын мүддеге зардап келтіру әрекеті орынды тәуекелмен жасалады.

Адамдардың өміріне, денсаулығына қатер төндіруге, табиғат апатына, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса, тәуекел орынды деп танылмайды.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЛЫП САНАЛМАЙТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

## КҮШТЕП НЕМЕСЕ ПСИХИКАЛЫҚ МӘЖБҮРЛЕУ (37-бап)

Заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруде күш жұмсап, ықтиярсыз көрінуде адам өзінің әрекетін басқара алмайтын болса қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды

Күш жұмсап немесе психикалық күймен шабуыл жасап, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушылықтың қылмыстық жауаптылығы ҚК-нің 34-бабымен танылады

## БҰЙРЫҚТЫ НЕМЕСЕ ӨКІМДІ ОРЫНДАУ (38-бап)

Бұйрықты немесе өкімді орындауға міндетті адамдардың заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыстық құқық бұзушылық болып танылмайды, қылмыстық жауаптылыққа бұйрық немесе өкім берген адам тартылады

Бұйрықтың немесе өкімнің заңсыз екенін біле тұра қасақана орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды

# АСА ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

## АСА ҚАЖЕТТІЛІК

## ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС



**ІІІ БӨЛІМ**  
***ЖАЗА ТУРАЛЫ***

**ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ**

(Қазақстан Республикасы  
Қылмыстық кодексінің  
39-бабы)

**ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

(Қазақстан Республикасы  
Қылмыстық кодексінің  
40-51-баптары)

## ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ (39-БАП)

*Жаза соттың үкімі бойынша мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Ол кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамды құқықтары мен бостандықтарынан заңға сәйкес айыру немесе оларды шектеу болып табылады.*

*Жазаның кінәлі жазалаудан басқа мынадай мақсаттары бар:*

Түзеу, әлеуметтік, әділеттікті қалпына келтіру – еңбекке шын ниетпен қарауға, заңды бұлжытпай орындауға, қоғамдық тәртіпті бұзбауға бағыттау

Сотталғандардың жаңа қылмыс жасауына жол бермеу

Жаңа қылмыстар жасалуының алдын алу

*Жаза адамның жанын қинау мен адамгершілік намысына тию мақсатын көздейді.*



## ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖҮЙЕСІ (40-БАП)

*Жазаның жүйесі – қылмыстық заңда нақтылы тізбектеліп көрсетілген шаралар.*

### ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қылмыстық теріс қылық жасауға кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылады:  
(41, 42, 43, 45-баптар)

Қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылады:  
(41, 42, 44, 46, 47-баптар)

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға негізгі жазалармен бірге мынадай қосымша жазалар қолданылады:  
(48, 49, 50, 51-баптар).

## НЕГІЗГІ ЖАЗАЛАР

*Негізгі жазалар — сот тағайындайтын, басқа жазаларға қосылмай жеке қолданылатын жаза.*

### НЕГІЗГІ ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Айыппұл (41-бап)

Түзеу жұмыстары (42-бап)

Қоғамдық жұмыстарға тарту  
(43-бап)

Бас бостандығын шектеу  
(44-бап)

Қамауға алу (45-бап)

Бас бостандығынан айыру  
(46-бап)

Өлім жазасы (47-бап)

## **АЙЫППҰЛ (41-БАП)**

*Айыппұл осы қылмыстық кодексте көзделген шекте, заңнамада белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәтте қолданыста болатын, айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақша өндіріп алу, не еселенген соманың немесе пара құнының мөлшеріндегі ақшаны өндіріп алу.*

Қылмыстық теріс қылық үшін айыппұл айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде

Қылмыс үшін айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде, ал осы Кодекстің 364, 365, 366-баптарында көзделген қылмыстар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында белгіленген мөлшерде белгіленеді

*Айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүлдіктік жағдайын ескере отырып, сот белгілейді.*

## ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ (42-БАП)

Сотталған адамды негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке мәжбүрлеп тарта отырып, оның жалақысынан (ақшалай үлесінен) заңнамада белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу және ол жалақының жиырмадан қырық пайызға дейінгісін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру арқылы орындалады. Қылмыстық теріс қылық үшін түзеу жұмыстары жиырма бестен бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш шамасында, қылмыс үшін бес жүзден он мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш шамасында белгіленеді.

*Еңбекке қабілетсіз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орындарында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға түзеу жұмыстарын тағайындауға болмайды.*

## ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ (43-БАП)

*Сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауды, жұмыс түрін атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді.*

Қоғамдық жұмыстар алпыс сағаттан үш жүз сағатқа дейін белгіленеді және оны өтеу кезінде сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босатыла отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан аспайтын уақытта, ал егер сотталған адамның тұрақты жұмыс орны болмаса және оқумен айналыспаса, күніне сегіз сағатқа дейінгі, бірақ аптасына қырық сағаттан көп емес уақытта өтеледі.

Қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда осы Кодекстің 45-бабының ережелері ескеріліп, олар төрт сағат қоғамдық жұмыс үшін бір тәулік қамауға алу есебінен қамауға алуға ауыстырылады.

*Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баласы бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, әскери қызметшілерге тағайындалмайды.*

## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ШЕКТЕУ (44-БАП)**

*Сотталған адамды қоғамнан оқшауламай, арнаулы мекемеде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге оны қадағалауды жүзеге асыру жағдайында ұстау.*

Егер қоғамдық жұмыстарға тарту немесе түзеу жұмыстары бас бостандығын шектеумен ауыстырылса, онда оның мерзімі бір жылдан аспауы тиіс.

Бас бостандығынан шектеуден қасақана жалтарған жағдайда өтеу мерзімінің қалғанын сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстыруға болады.

*Бас бостандығын шектеу ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға, әскери қызметкерлерге, тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға қолданылмайды.*

### **СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА ЖҮКТЕЛЕТІН МІНДЕТТЕР**

Мамандандырылған орынға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін, оқитын жерін өзгертпеу.

Белгілі бір жерлерге бармау.

Жұмыстан, оқудан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу.

## ҚАМАУҒА АЛУ (45-БАП)

Сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау

Қамауға алу алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстау мерзімі қамау мерзіміне қосылады

Әскери қызметшілер қамауды абақтыда (гауптвахтада) өткізеді.

Қамауға алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас баласы бар әйелдерге, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды.

## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ (46 БАП)**

Сотталушыны колония-қонысқа жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу жолымен оқшаулау

*Үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмай бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жалпы немесе күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады.*

*Қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру жазасы алты айдан он бес жылға дейін, аса ауыр қылмыстарға жиырма жылға дейін немесе өмір бойы өтеу тағайындалады.*

*Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру он жылдан аспауға тиіс. Бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстырған жағдайда ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.*

*Өмір бойы бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін.*

*Өмір бойы бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, алтыс үш жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, еркектерге тағайындалмайды.*

*Кешірім жасау тәртібімен өмір бойы бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.*



## **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫН ӨТЕУДІ ТАҒАЙЫНДАУ:**

1) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға – колония-қоныстары;

2) қасақана онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға және айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға – жалпы режимдегі түзеу колониялары;

3) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ сотталған адам бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген болса, қылмыстардың қайталануы және әйелдерге қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде – қатаң режимдегі түзеу колониялары;

4) қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға – ерекше режимдегі түзеу колониялары тағайындалады.

Аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеу, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Үкіммен тағайындалған түзеу мекемесінің нысанын өзгертуді Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес сот жүргізеді.

## **ӨЛІМ ЖАЗАСЫ (47-БАП)**

*Адамның өміріне қол сұзатын ерекше ауыр қылмыстары үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана ең ауыр жаза ретінде қолданылатын жаза.*


*Өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте алпыс үш жасқа толған еркектерге айындалмайды.*

*Кешірім жасау тәртібімен өлім жазасы жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы өмір бойы бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін.*

## ҚОСЫМША ЖАЗАЛАР

*Жеке тағайындалмайтын, негізгі жазалармен бірге қосымша тағайындалатын жазалар.*

### ҚОСЫМША ЖАЗАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ



## МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ (48-БАП)

*Сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу*

Мүлікті толық тәркілеу – сотталған адамның жеке меншігіндегі мүлкінің бәрін алу.

Мүліктің бір бөлігін тәркілеу – сотталған адамның мүлкінің бір бөлігін немесе нақты бір заттарын алу.

*Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 15-бөлімінде көзделген жағдайларда мүлікті тәркілеу соттың шешімі бойынша қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылуы мүмкін.*

## **ҚҰРМЕТ, ӘСКЕРИ НЕМЕСЕ АРНАУЛЫ АТАҒЫНАН, СЫНЫПТЫҚ ШЕНІНЕН, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІНЕН, БІЛІКТІЛІК СЫНЫБЫНАН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫНАН АЙЫРУ (49-БАП)**

*Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттау кезінде сот айыпкердің жеке басын ескере отырып, мынадай шешім қабылдайды:*

Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан АЙЫРУ.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру жөнінде ҰСЫНЫС БЕРУ.

## **БЕЛГІЛІ БІР ЛАУАЗЫМДЫ АТҚАРУ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ (50-БАП)**

*Мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымды атқаруға, не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салынады.*

Қылмыстың ауырлық дәрежесін, қауіптілігін, қызмет орнында қалдыруға болмайтындығын ескеріп, сот қосымша жаза ретінде қолдана алады.

Бас бостандығынан айыру, бас бостандығына шек қою, қамауға алу, әскери қызмет бойынша шектеу жазаларына қосымша тағайындалғанда мерзімі негізгі жазаны өтегеннен кейін басталады.

## **ШЕТЕЛДІКТІ НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕГІНЕН ШЫҒАРЫП ЖІБЕРУ (51-БАП)**

*Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына бес жылға дейінгі мерзімге кіруіне тыйым салу белгілене отырып, сотталған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының шегінен бақыланатын кету жолымен орындалады.*

*Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу кезінде осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана қосымша жаза түрі тағайындалуы мүмкін және ол негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін орындалады.*

## IV БӨЛІМ. ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

Жалпы жаза тағайындау (52-бап)

Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау (59-бап)

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар (53-бап)

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау (60-бап)

Қылмыстың жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар (54-бап)

Жазалау мерзімдерін қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі (61-бап)

Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдану (55-бап)

Жазалау мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу (62-бап)

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау (56-бап)

Шартты түрде соттау (63-бап)

Бірлесе қатысып жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау (57-бап)

Шартты түрде соттаудың күшін жою (64-бап)

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау (58-бап)



## ЖАЛПЫ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

*Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және кодекстің жалпы бөлімінің ережелерін ескере отырып, әділ жаза тағайындау.*

### ШЕКТЕН ШЫҚПАЙ

Кодекстің баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық

### НАҚТЫЛЫ, СӘЙКЕС

Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелеріне нақты сүйене отырып

### МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ЕСКЕРІЛЕДІ:

- а) қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі;
- ә) кінәлінің жеке басы;
- б) істің жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлары.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ ЖЕҢІДЕТЕТІН МӘН-ЖАЙЛАР (53-БАП)

Мән-жайдың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет теріс қылық жасау немесе онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыс жасау

Кінәлі адамның кәмелетке толмауы

Жүктілік

Кінәлі адамның жас балалары болуы

Осындай көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей медициналық немесе өзге де көмек көрсету

Қажетті қорғанудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік, қылмыс жасаған адамды ұстау, орынды тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайларында қылмыстық құқық бұзушылық жасау.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға түрткі болған жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылығы

Шын ниеттен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Жеке басы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан, не жаны ашығандық себебімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті өтеу, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ АУЫРЛАТАТЫН МӘН-ЖАЙЛАР (54-БАП)

Әлденеше рет қылмыстық құқық бұзушылық жасау, қылмыстың қайталануы, қауіпті түрде қайталануы

Қылмыстық құқық бұзушылықтар арқылы ауыр зардаптар келтіру

Адамдар тобымен, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, қылмыстық топтың құрамында қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда айырықша белсенді рөл атқару.

Кінәлі адам үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту

Ұлттық нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-әрекеті үшін кектенушіліктен, сондай-ақ басқа қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Жүктілік жағдайы кінәлі адам үшін алдын ала белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі адамға тәуелді адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеуіне байланысты оған немесе оның туыстарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жабірленушіні қинап қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жару немесе оларды бейнелеуші құрылғылар, арнайы дайындалған техникалық құралдар, тез тұтынатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармологиялық дәрі-дәрмектер пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпы қауіпті әдіс қолданып қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Төтенше жағдай, төтенше ахуалдар кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң жағдайында қылмыстың құқық бұзушылық жасау. Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын деп танымауға құқылы

Адамның өзі қабылдаған антын немесе кәсіби антын бұза отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасау

Кінәлінің қызмет жағдайына немесе шартқа байланысты өзіне көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы

Билік өкілінің нысанды киімін немесе құжаттарын пайдаланып, қылмыстық құқық бұзушылық жасау

## **БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЛМЫС ҮШІН КӨЗДЕЛГЕН ЖАЗАДАН ГӨРІ ЖЕҢІЛ ЖАЗА ҚОЛДАНУ (55-БАП)**

*Егер Кодекстің Ерекше бөлімі адамды кінәлі деп тануға негіз болған бабында немесе бабының бөлігінде бас бостандығынан айырудан гөрі, қатаң емес жаза көзделсе,*

*1) адамды онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, сол қылмыспен келтірілген моральдық және өзге зиянның орнын өз еркімен толтырған жағдайда;*

*2) Кодекстің 218, 246, 247-баптарында көзделгендерді қоспағанда, адамды экономикалық қызмет саласындағы қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген жағдайда, жазаның негізгі түрлері, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.*

*Қылмыс құрамының белгісі ретінде көзделмеген жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, жаза мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің:*

*1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – жартысынан;*

*2) ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен;*

*3) аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен аспауы тиіс.*

*Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу істері, сондай-ақ іс жүргізу келісімінің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы тиіс.*

*Әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, айыпкердің рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі жүріс-тұрысына байланысты ерекше мән-жайлар және әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топ жасаған әрекеттерді ашуға белсене жәрдемдескен кезде жаза осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең төменгісінен төмені тағайындалуы мүмкін, не сот жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы, не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.*

*Жазаны жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлар жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.*

## АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (56-БАП)

*Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде соның себебінен қылмыс ақырына дейін жетпеген мән-жай ескеріледі*

### ҚЫЛМЫСҚА ДАЙЫНДАЛҒАНДА

*жазаның мерзімі мен мөлшері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде аяқталған қылмыс үшін тиісті бапта көзделген жазаның негұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы керек*

### ҚЫЛМЫСҚА ОҚТАЛҒАНДА

*жазаның мерзімі мен мөлшері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті бапта аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның негұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен аспауы керек*

*Қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.*

## **БІРЛЕСЕ ҚАТЫСЫП ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (57-БАП)**

*Бірлесе қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыстық құқық бұзушылық мақсатына жету жөніндегі мәні, оның келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпалы ескеріледі.*

*Бірлесе қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар тек сол бірлесе қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі.*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (58-БАП)

*Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы — заңның әртүрлі бабында көрсетілген екі немесе одан көп әрекетті істегенде бірде біреуі үшін сотталмаған адамға тағайындалады*

### ИДЕАЛДЫ ЖИЫНТЫҚ

кінәлінің бір іс-әрекетпен бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

### РЕАЛДЫ ЖИЫНТЫҚ

кінәлінің бірнеше іс-әрекетпен бірнеше дербес қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

*Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық үшін кінәлі бұрын сотталмаған болса, сот әрбір қылмыстық құқық бұзушылыққа жеке-жеке жаза тағайындап, ақырғы жазаны былайша тағайындайды:*

- а) жеңілірек жазаны ауырырақ жазаға сіңіру арқылы;*
- ә) жазаларды түгелдей немесе ішінара қосу жолымен.*

*Негізгі жазаға заңда көрсетілген кез келген қосымша жазаны қосып тағайындауға болады.*

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылықтар қамтылса, онда түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте айыппұл салу түріндегі жазаның түпкілікті мөлшерін бір мың айлық көрсеткіштен, ал қоғамдық жұмысқа тарту немесе қамауға алу түріндегі жазаның түпкілікті мерзімін алты жүз сағаттан немесе тиісінше бір жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек теріс қылықтар, орта және ауырлығы орташа қылмыстармен қамтылса, онда түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар қамтылса, онда түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында осы Кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген, ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс қамтылса, түпкілікті жазалар ішінара немесе толық қосылу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма бес жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында осы Кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген, ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс, сондай-ақ жасағаны үшін айыппұл тағайындалатын қылмыстық теріс қылық қамтылса, онда түпкілікті жаза қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады.

Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалса, онда түпкілікті жаза өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түрінде тағайындалады.



# ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ

*Бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.*

## КЕЗІНДЕ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (59-БАП)

### ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУ ТҮРЛЕРІ

*Он сегіз жасқа дейінгі адам жасаған қылмыс үшін соттылық, қылмыстың қайталануын және қылмыстың қауіпті қайталануын тану кезінде есепке алынбайды.*

#### ЖАЙ ҚАЙТАЛАНУ

егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы

#### ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУ

а) егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса немесе ауыр қылмысы үшін сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы;

ә) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның аса ауыр қылмыс жасауы

## **ҮКІМДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (60-БАП)**

**Сотталған адам үкім шығарылғанан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соңғы үкім бойынша сот тағайындаған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады**

**Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны, егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаса, осы Кодекстің Жалпы бөліміндегі осы жазалау түрі үшін көзделген жазалардың ең жоғары мерзімінен немесе мөлшерінен асыруға болмайды**

**Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындағанда түпкілікті жаза жиырма бес жылдан аспауы керек. Аса ауыр қылмыстар үшін түпкілікті жаза отыз жылдан аспауы керек.**

## ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАУ (63-БАП)

Егер сот бас бостандығынан айыру жазасын тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген қорытындыға келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады

Шартты түрде соттау қолданылған жағдайда сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын, оның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді

Шартты түрде сотталған адам өзінің мінез-құлқын өзгертуі, мекен-жайын, жұмыс істейтін немесе оқитын орнын ауыстырмауы, маскүнемдікпен және нашакорлықпен айналыспауы, уытқұмарлық пен сөз ауруларынан емделу курсынан өтуі, сондай-ақ отбасына материалдық көмек көрсетуі тиіс

## ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАУДЫҢ КҮШІН ЖОЮ (64-БАП)

Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін өз жүріс-тұрысымен өзінің түзелгенін дәлелдесе, пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде сотталудың күшін жою және сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы қаулы ете алады. Бұл ретте шартты түрде сотталудың белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң күші жойылуы мүмкін

- 1) қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қол сұғушылық және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін өзіне әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған;
- 2) электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдаған (бүлдірген) не дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органға хабарламай тұрғылықты жерін ауыстырса;
- 3) қылмыстық теріс қылық жасаған жағдайларда, сот пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша пробациялық бақылауды бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарта алады.

Шартты түрде сотталған адам соттың оған жүктеген міндеттерін орындамаған не осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынысы бойынша шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы шығарады, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты бір жылдан аспайтын мерзімге пробациялық бақылау мерзімін қайтадан ұзарта алады.

## V БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУДАН БОСАТУ

*Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап)*

*Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (66-бап)*

*Іс жүргізу келісімінің шарттары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (67-бап)*

*Бітімге келуге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (68-бап)*

*Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (69-бап)*

*Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (70-бап)*

*Мерзімді кезеңінен өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (71-бап)*

*Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (72-бап)*

*Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту (73-бап)*

*Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (74-бап)*

*Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (75-бап)*

*Ауыр мән-жайлардың салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру (76-бап)*

*Айыптау үкімі мерзімді кезеңінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (77-бап)*

*Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (78-бап)*

## ШЫНАЙЫ ӨКІНУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ (65-БАП)

Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам кінәлінің жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеуге жәрдемдескені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянның орнын толтыруы ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін

**ШЫНАЙЫ ӨКІНУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ  
ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:**

- 1) *террористік қылмысты жасаған адамдарға;*
- 2) *экстремистік қылмыстарды жасаған адамдарға;*
- 3) *қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмысты жасаған адамдарға;*
- 4) *жас балаларға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмысты жасаған адамдарға;*
- 5) *жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасаған адамдарға.*

## **МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢНІҢ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ (71-БАП)**

**Қылмыстық жауаптылықтың мерзімді кезеңнен өтуі – заңмен көрсетілген мерзімді кезеңнің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату**

*Егер қылмыс жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:*

Қылмыстық теріс қылық жасағаннан кейін бір жыл

Онша ауыр емес қылмыс жасағаннан кейін екі жыл

Ауырлығы орташа қылмыс жасағаннан кейін бес жыл

Ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл

*Аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл өтсе*

*Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, мерзімді кезеңнің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда мерзімді кезеңнің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап жаңартылады.*

*Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде аталған мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, мерзімді кезеңнің өтуі тоқтатылады. Мұндай жағдайларда мерзімді кезеңнің өтуі жаңа қылмыс жасаған күннен қайта басталады. Өзге жағдайларда, мерзімді кезең өткенге дейін адам қайтадан қылмыс жасаса, әрбір қылмыс бойынша мерзімді кезең дербес өтеді.*

*Өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмысты жасаған адамға мерзімнің өтуін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот мерзімді кезеңнің өтуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.*

*Бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптау, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласындағы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімді кезең қолданылмайды.*



## ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ (72-БАП)

**Сот егер өзінің түзелуі үшін оның тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейтінін танытын болса, сот бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамды осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін**

*Сотталған адамға жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату мынадай жағдайларда қолданылады:*

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін қамтыса

Ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын қамтыса

Аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін қамтыса

*Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы мүмкін.*

***Мерзімінен бұрын шартты түрде босату қолданылған адам жазасының қалған өтелмеген бөлігінде мынадай шаралар қолданылады:***

Бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы ете алады

Қылмыс абайсызда жасалса, егер кәмелетке толмаған адам, жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел мен алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек онша ауыр емес қылмысты қасақана жасаса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады

Қылмыс қасақана жасалса, кодекстің 73-бабы 6-бөлімі 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сот оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

*Өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамға мерзімінен бұрын шартты түрде босату қолданылмайды.*

## **ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖАС БАЛАЛАРЫ БАР ӘЙЕЛДЕР МЕН ЖАС БАЛАЛАРЫН ЖАЛҒЫЗ ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ЕРКЕКТЕРДІҢ ЖАЗАНЫ ӨТЕУІН КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ (74-БАП)**

Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысы, террористік қылмысы, экстремистік қылмысы, қылмыстық топ құрамындағы жасаған, жас балаларға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмысы үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды.

Сотталған адам баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса немесе сотталып, жазасын өтеуі кейінге қалдырылған адамды бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жойып, сотталған адамды сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады.

Жазаны өтеуін кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған адамның жүріс-тұрысына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы немесе сотталған адамды жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

*Сотталған адам жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.*

## **АУРУҒА ШАЛДЫҒУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАДАН БОСАТУ (75-БАП)**

*Қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылуы пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.*

*Өмір бойы бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатады немесе жасалған қылмыстың ауырлығын, сотталған адамның жеке басын, науқасының сипатын және басқа мән-жайларды ескере отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.*

*Қылмыс жасаған адамдардың егер қылмыстық жауапқа тартудың немесе айыптау үкімінің мерзімі өтіп кетпесе, ауруларынан сауыққаннан кейін қылмыстық жауаптылыққа тартылуға және жазалануға жатады.*

## АЙЫПТАУ ҮКІМІ МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢІНІҢ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ (77-БАП)

Айыптау үкімі мерзімді кезеңінің өтуі – заңмен тағайындалған үкімнің мерзімді кезеңінен өтуіне байланысты үкімнің орындалмауы

*Қылмысы үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күннен бастап есептегенде, мынадай мерзімдерде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады:*

Теріс қылығы үшін сотталғанда – бір жыл

Онша ауыр емес қылмысы үшін сотталғанда – үш жыл

Ауырлығы орташа қылмысы үшін сотталғанда – алты жыл

Ауыр қылмысы үшін сотталғанда – он жыл

Аса ауыр қылмысы үшін сотталғанда – он бес жыл

*Теріс қылықтар бойынша мерзімді кезеңнің өтуі, жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан, тоқтатыла тұрмайды және тоқтатылмайды.*

*Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы кезіне қарай өтіп кеткен мерзімді кезең есепке алынуға жатады. Бұл ретте айыптау үкімі, егер оның шығарылған уақытынан бастап жиырма бес жыл өткен болса және мерзімді кезеңнің өтуі жаңа қылмыс жасау арқылы тоқтатылмаған болса, орындала алмайды.*

*Аталған мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, қылмыстар бойынша мерзімді кезеңнің өтуі тоқтатыла тұрады. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімінің өтуі жаңадан қылмыс жасаған күннен бастап қайта есептеледі.*

*Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға мерзімді кезеңді қолдану туралы мәселені сот шешеді.*

*Сот мерзімді кезеңді қолдану мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойы бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.*

*Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, азаптағаны, жас балаларға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласындағы аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға мерзімді кезең қолданылмайды.*

## СОТТЫЛЫҚ (79-БАП)

**Соттылық – соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап, соттылықты жою немесе алып тастауға дейінгі мерзімі**

**Соттылық мынадай жағдайларда жойылады:**

Шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң

Бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны нақты өтеген соң

Онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң

Ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң

Аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады

*Сотталған адам заңда белгіленген тәртіппен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылса немесе жазаның өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылса, онда соттылықты жою мерзімі жазаның нақты өтелген мерзімі негізге алына отырып, негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеуден босатылған кезден бастап есептеледі.*

*Сотталған адам соттылығы жойылу мерзімі өткенге дейін тағы да қылмыс жасаса, соттылықты жою мерзімі тоқтатылады. Бірінші қылмыс бойынша соттылықты жою мерзімі соңғы қылмысы үшін негізгі және қосымша жазаны нақты өтегеннен кейін қайтадан есептеледі.*

*Сотталған адам жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстаса, сот оның өтініші бойынша соттылығын жою мерзімі өткенге дейін одан соттылығын алып тастай алады.*

*Бұл норма ауыр немесе аса ауыр қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындалған адамдарға қолданылмайды.*

*Соттылықты жою немесе алып тастау, өмір бойына тағайындалған жазаның қосымша түрімен белгіленген шектеулерді қоспағанда, соттылыққа байланысты барлық құқықтық зардаптардың күшін жояды.*



## **VI БӨЛІМ. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ** **(80-90-БАПТАР)**

**Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін**

### **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ЖАЗА ТҮРЛЕРІ**

Айыппұл оннан екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде тағайындалады

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру – бір жылдан екі жылға дейінгі мерзім

Қоғамдық жұмысқа тарту – оқудан немесе жұмыстан бос уақытында қырық сағаттан жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзім

Түзеу жұмыстары өз табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағанға оннан екі жүз елуге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал ауырлататын жағдай кісі өлтіргені немесе терроризм үшін немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын жағдайларда адам өлтіргені немесе терроризм үшін - он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін

**Онша ауыр емес қылмыс немесе өлімге ұшыратуға байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАЙ СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫН ӨТЕЙТІН ОРЫНДАРЫ**


**Бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған ер балалар мен қыз балалар жазаларын жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді**

**Бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар жазасын күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді**

**Қоғамдық қауіптілік сипатына және дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және басқа да мән-жайларға қарай сот қабылдаған шешімнің себебін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмай сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін**


## ТӘРБИЕЛІК ӘСЕРІ БАР МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ (84, 85-БАПТАР)

*Сот кәмелетке толамаған адамға тәрбиелік әсері бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:*



## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ (86-бап)**

*Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасап бас бостандығынан айыруға немесе түзеу жұмыстарына сотталған адамдарға жазаны нақты өтеуден немесе орындаудан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босату:*



## СОТТЫЛЫҚТЫ ЖОЮ МЕРЗІМДЕРІ (89-БАП)

*Он сегіз жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдар үшін Кодекстің 79-бабында көзделген соттылықты жою мерзімдері қысқартылады және тиісінше мынадай мерзімге тең болады:*

Бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін өтегеннен кейін төрт айға

Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін бір жылға

Ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін үш жылға

*Қылмыстық іс-әрекетінің сипатын, жеке басын ескеріп он сегіз бен жиырма бес аралығындағыларға сот ерекше жағдайларда Қылмыстық кодекстің VI бөлімінің тиісті ережелерін қолдана алады.*

## **VII БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ**

### **МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕРІ (91-бап)**

*Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын мынадай жағдайларда тағайындауы мүмкін:*

Есі дұрыс емес жағдайда Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі бап- тарда көзделген әрекет- терді жасағанда	Қылмыстық құқық бұзу- шылық жасағаннан кейін психикасы жазаны та- ғайындау немесе орын- дау мүмкін емес болып бұзылғанда	Қылмыстық құқық бұзу- шылық жасаған және есі- нің дұрыстығын жоққа шығармайтын психика- сының бұзылуынан зар- дап шегетін болғанда	Қылмыстық құқық бұзу- шылық жасаған және ал- коголизмнен немесе на- шақорлықтан (уытқұмар- лықтан) емдеуге мұқтаж деп танылған адамдарға бұзылуынан зардап шеге- тін болғанда
---	---	---	--

*Психикасының бұзылуына байланысты өзіне, адамдарға зиян келтіруін ескеріп, дәрігерлік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.*

*Өзінің психикалық жағдайы бойынша қауіп келтірмейтін адамдар жөнінде сот бұл адамдарды емдеу немесе денсаулық сақтау туралы заңдарда көзделген тәртіппен психиатриялық-неврологиялық мекемелерге жіберу туралы мәселені шешу үшін денсаулық сақтау органдарына қажетті материалдар жібере алады.*

## МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ (93-БАП)

*Сот медициналық сипаттағы мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:*

Емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емделу	Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу	Мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу	Интенсивті қадағаланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
--	--	---	--

*Есі дұрыс күйінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған, бірақ алкоголизмнен, нашақорлықтан (уытқұмарлықтан) емдеуді не психикасының есі дұрыстығын жоққа шығармайтындай бұзылуынан емдеуді қажет ететін адамдарға сот жазамен бірге емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.*

## ПСИХИАТРИЯЛЫҚ СТАНЦИОНАРДА МӘЖБҮРЛЕП ЕМДЕУ (95-БАП)

*Мәжбүрлеп емдеу шараларын тиісті стационарларда және тиісті адамдарға қолдану төмендегіше болады:*

Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық күйі мен жасаған қоғамға қауіпті әрекетінің сипаты бойынша стационарлық емдеу мен байқаудағы қажет ететін, бірақ интенсивті байқауды қажет етпейтін адамға тағайындалуы мүмкін

Мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті әрекетінің сипаты бойынша тұрақты байқауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін

Интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен қоғамға жасаған қауіпті әрекетінің сипаты бойынша өзіне немесе басқа адамдарға айрықша қауіпті болған ұдайы және интенсивті байқауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін



## МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҰЗАРТУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ (96-БАП)

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзартуды, өзгертуді және тоқтатуды психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот белгілейді

### ШАРАЛАРДЫ ҰЗАРТУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУДЫҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

Психиатр-дәрігерлер комиссиясының куәландыруымен алты айда бір рет шараны ұзарту, өзгерту және тоқтату жөнінде сотқа ұсыныс жасауға болады

Мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін, мәжбүрлеп емдеуде одан кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі

Мәжбүрлеп емдеуді өзгертуді, тоқтатуды адамның психикалық жағдайы өзгеріп, бұрын шараны қолдану қажет болмаса немесе басқа шара тағайындау керек болғанда сот жүзеге асырады

*Психиатр-дәрігерлер комиссиясының куәландыруы болмаса, мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату, өзгерту туралы мекеменің әкімшілігі сотқа қорытынды береді.*

*Мәжбүрлеп емдеу тоқтатылған уақытта, қажетті құжаттарды әрі қарай емдеуге сот денсаулық сақтау органдарына жібереді.*

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНҒАННАН КЕЙІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (97 БАП)**

*1) Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін немесе жазасын өтеу кезінде өз іс-әрекеті үшін өзіне есеп беру немесе іс-әрекетке ие болу мүмкіндігінен айыратын психикалық аурумен ауырған адамға, егер мерзімді кезең өтіп кетпесе немесе оны қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға негіз болмаса, ол сауыққаннан кейін сот оған жаза қолдана алады.*

*2) Психикасы қылмыс жасағаннан кейін бұзылған адам емделген жағдайда жаза тағайындау немесе оны орындауды жаңарту кезінде адамға психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қолданылған уақыт ішінде психиатриялық стационарда болған бір күні бас бостандығынан айырудың бір күні не қамаудағы бір күні есебімен жазалау мерзіміне есептеледі.*

## **ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ МЕН БІРІКТІРІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ (98-БАП)**

*1. Кодекстің 91-бабы бірінші бөлігінің 3-тармағында көзделген жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы – бас бостандығынан айыруды өтеу орнында, ал сотталған адамға қатысты өзге де жаза түрлері амбулаториялық-психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.*

*2. Кодекстің 91-бабы бірінші бөлігінің 4-тармағында көзделген жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары – бас бостандығынан айыруды өтеу орнында, ал өзге жазалау түрлеріне сотталғандарға қатысты денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.*

*3. Сотталған адамның стационарлық емдеуді талап ететін психиатриялық жай-күйі өзгерген кезде сотталған адамды психиатриялық стационарға немесе өзге де емдеу мекемесіне орналастыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.*

*4. Аталған мекемелерде болған уақыт жазаны өтеу мерзіміне есептеледі. Сотталған адамның аталған мекемелерде одан әрі емделуі қажет болмай қалған кезде көшірме Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен жасалады.*

*5. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасының қолданылуын тоқтатуды жазаны орындаушы органның ұсынуы бойынша психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде сот жүргізеді.*

## МАЗМҰНЫ

АЛҒАШҚЫ СӨЗ .....	3
<b>I БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ ЖАЛПЫ БӨЛІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b> .....	4
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	5
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДЫ ТАЛҚЫЛАУ .....	6
ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ .....	6
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ БАПТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	7
<b>II БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР</b> .....	8
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ.....	10
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ КЕҢІСТІКТЕГІ КҮШІНЕ ЕНУІ .....	11
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ МЕРЗІМДЕГІ КҮШІНЕ ЕНУІ.....	12
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМДАРДЫ ҰСТАП БЕРУ (9-бап).....	13
ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ (10-бап) .....	14
ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ.....	15
ҚЫЛМЫС САНАТТАРЫ (11-бап) .....	16
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ ЖАСАЛУЫ (12-бап) .....	17
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ (13-бап) .....	18
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ (14-бап).....	19
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ (4-бап) .....	20
ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ .....	21
ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ (БЕЛГІЛЕРІ) .....	22
ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ .....	23
ҚЫЛМЫС НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ .....	24
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІ .....	25
ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕСТІК (17-бап).....	26
ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕС АДАМҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІГЕРЛІК ШАРАЛАР .....	27

МАС КҮЙІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ (18-бап) .....	28
ҚЫЛМЫСТЫҢ НЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ.....	29
КІНӘ (19-бап) .....	30
ҚАСАҚАНАЛЫҚ (20-бап) .....	31
АБАЙСЫЗДЫҚ (21-бап) .....	32
КІНӘНІҢ ЕКІ НЫСАНЫМЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ (22-бап) .....	33
ЖАЗЫҚСЫЗ ЗИЯН КЕЛТІРУ (23-бап) .....	33
ҚЫЛМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА ОҚТАЛУ (24-бап) .....	34
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ӨЗ ЕРКІМЕН БАС ТАРТУ (26-бап) .....	35
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА БІРЛЕСЕ ҚАТЫСУ (27-бап) .....	36
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА БІРЛЕСЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ (28-бап) .....	37
ТОП ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ (31-бап).....	38
ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС (32-бап).....	39
ШАБУЫЛ ЖАСАУ МЕН ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ .....	40
ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АДАМДЫ ҰСТАУ КЕЗІНДЕ ЗИЯН КЕЛТІРУ (33-бап) .....	41
АСА ҚАЖЕТТІЛІК (34-бап) .....	42
ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ШАРАЛАРЫН НЕМЕСЕ ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (35- бап).....	43
ОРЫНДЫ ТӘУЕКЕЛ ЕТУ (36-бап).....	44
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЛЫП САНАЛМАЙТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР .....	45
АСА ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ .....	46
<b>ІІІ БӨЛІМ. ЖАЗА ТУРАЛЫ.....</b>	<b>47</b>
ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ (39-бап) .....	48
ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖҮЙЕСІ (40-бап).....	49
НЕГІЗГІ ЖАЗАЛАР .....	50
АЙЫППҰЛ (41-бап) .....	51

ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ (42-бап).....	52
ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ (43-бап) .....	53
БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ШЕКТЕУ (44-бап).....	54
ҚАМАУҒА АЛУ (45-бап).....	55
БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ (46 бап).....	56
ӨЛІМ ЖАЗАСЫ (47-бап) .....	58
ҚОСЫМША ЖАЗАЛАР .....	59
МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ (48-бап) .....	60
ҚҰРМЕТ, ӘСКЕРИ НЕМЕСЕ АРНАУЛЫ АТАҒЫНАН, СЫНЫПТЫҚ ШЕҢІНЕН, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІНЕН, БІЛКІТІЛІК СЫНЫБЫНАН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫНАН АЙЫРУ (49-бап) .....	61
БЕЛГІЛІ БІР ЛАУАЗЫМДЫ АТҚАРУ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ (50-бап) .....	62
ШЕТЕЛДІКТІ НЕМЕСЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕГІНЕН ШЫҒАРЫП ЖІБЕРУ (51-БАП).....	63
<b>IV БӨЛІМ. ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ</b> .....	64
ЖАЛПЫ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ .....	65
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН МӘН-ЖАЙЛАР (53-бап) .....	66
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ АУЫРЛАТАТЫН МӘН-ЖАЙЛАР (54-бап) .....	67
БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЛМЫС ҮШІН КӨЗДЕЛГЕН ЖАЗАДАН ГӨРІ ЖЕҢІЛ ЖАЗА ҚОЛДАНУ (55-бап) .....	68
АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (56-бап) .....	69
БІРЛЕСЕ ҚАТЫСЫП ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (57-бап).....	70
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (58-бап) .....	71
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ КЕЗІНДЕ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (59-бап).....	73
ҮКІМДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (60-бап) .....	74
ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАУ (63-бап) .....	75
ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАУДЫҢ КҮШІН ЖОЮ (64-бап).....	76

<b>V БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУДАН БОСАТУ</b> .....	77
ШЫНАЙЫ ӨКІНУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ (65-бап).....	78
МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢНІҢ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ (71-бап).....	79
ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ (72-бап) .....	81
ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖАС БАЛАЛАРЫ БАР ӘЙЕЛДЕР МЕН ЖАС БАЛАЛАРЫН ЖАЛҒЫЗ ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ЕРКЕКТЕРДІҢ ЖАЗАНЫ ӨТЕУІН КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ (74-бап) .....	83
АУРУҒА ШАЛДЫҒУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАДАН БОСАТУ (75-бап).....	84
АЙЫПТАУ ҮКІМІ МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢНІҢ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ (77-бап)	85
СОТТЫЛЫҚ (79-бап) .....	87
<b>VI БӨЛІМ. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ (80-90-баптар)</b> .....	89
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАЙ СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫН ӨТЕЙТІН ОРЫНДАРЫ .....	90
ТӘРБИЕЛІК ӨСЕРІ БАР МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ (84, 85-баптар) .....	91
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ (86-бап) .....	91
СОТТЫЛЫҚТЫ ЖОЮ МЕРЗІМДЕРІ (89-бап) .....	93
<b>VII БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ</b> .....	94
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕРІ (91-бап).....	94
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ (93-бап).....	95
ПСИХИАТРИЯЛЫҚ СТАНЦИОНАРДА МӘЖБҮРЛЕП ЕМДЕУ (95-бап).....	96
МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҰЗARTY, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚTATY (96-бап) .....	97
МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНҒАННАН КЕЙІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ (97 бап) .....	98
ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ МЕН БІРІКТІРІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ (98- бап).....	99

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ  
ЖАЛПЫ БӨЛІМІ БОЙЫНША**

***СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ***

***Р. Б. Құлжақаева, Д. А. Мергембаев***

**Редактор: Б. А. Қалиев.**

**Техникалық редактор: С. М. Аубакирова.**

Тексеруге 02. 04. 2014 ж. Басуға 21. 05. 2014 ж. қол қойылды.

Қалабы 60×84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ. 12,09. Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 3121.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының  
ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының 2014 жылға арналған әдебиеттер  
шығару жоспарының № 28 тақырыбы.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.  
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124.